



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 ж. 4 қыркүйек №327
Павлодар қаласы

город Павлодар

**Үш тілде оқыту жөніндегі
облыстық экспериментті
жалғастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 19 наурыздағы № 228 «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілде оқытуды енгізу жөніндегі экспериментті өткізу туралы» және 2004 жылғы 22 сәуірдегі № 346 «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілде оқытуды енгізу жөніндегі эксперименталдық жұмысты ұйымдастыру туралы» бұйрықтарына сәйкес, облыста экспериментті әрі қарай дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Павлодар, Екібастұз қалалары мен Шарбақты ауданы білім беру бөлімдері (З.Қ. Мұқашева, Н.М. Макумова, Б.Т. Омарова), дарынды балаларға арналған облыстық мектептері (м.а. Ш.Т. Жұмаділова, Ж.Н.Сулейменов, С.Т. Хасанова, Н.Б. Қафизов, М.Ә. Қасенова):
 - үш тілде оқыту жөніндегі облыстық экспериментті жалғастырсын
 - 7 сыныптан бастап үш тілде оқытуды енгізу жөніндегі қызметін эксперименттік мектептерде: дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Жас дарын» мектебі, дарынды балаларға арналған Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернаты, дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебі, дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Зерде» мектебі, дарынды балаларға арналған Ақсу қаласының гимназиясы, Павлодар қаласының №14, №42 жалпы орта білім беру мектептері, Екібастұз қаласының №22 мектеп-гимназисы, Шарбақты ауданының №1 Шарбақты орта мектебі, Абай атындағы орта мектеп, Соснов орта мектебінде жалғастырсын
 - эксперименталды мектептерде тиісті материалдық-техникалық базаның, оқу-әдістемелік кешендер мен жоғары білікті мамандардың болуын қамтамасыз етсін
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 қаулысына (4-қосымшасының, 6-тармағы, 3-тармақшасы), қаржылық қамтамасыз етілу мәселесін шешсін.
2. «Ертіс дарыны» АҒТО (Ғ.Қ. Тұрсынов) эксперименттік мектептерде үш тілде оқытуды енгізу және ұйымдастыру жөніндегі жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етсін.

006447

3. Білім беру мен тәрбиені дамыту инновациялық орталығы (С.Ш.Слямова) үш тілде оқыту жөніндегі экспериментті ұйымдастыру, оқыту сапасының мониторингін жүргізу жөніндегі мектептерге әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау облыс білім беру басқармасы бастығының орынбасары Т.Н. Ивановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексентова

Таныстырылды _____